

Құбыр желісі көлігін дамыту жөніндегі кейбір мәселелер

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 7 маусым N 77 -ө. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.11.09. N 1686 қаулысымен. ~P001686

Тиімді мұнай көлігі инфрақұрылымын құру және Қазақстан Республикасынан сыртқы рынокқа мұнай беру үшін экспорттық құбыр желісі жүйелерінің жобаларын дайындау жөніндегі жұмыстарды жетілдіру мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Ыдырысов - Қазақстан Республикасының сыртқы
Ерлан Әбілфайызұлы істер бірінші вице-министрі, жетекші

Досаев - Қазақстан Республикасының
Ерболат Асқарбекұлы Энергетика, индустрия және сауда
вице-министрі

Қаппаров - "Қазақойл" ҰМК президенті
Нұрлан Жамбылұлы

Құлыбаев - "ҚазТрансОйл" ҰМТК президенті,
Тимур Асқарұлы жетекшінің орынбасары

Қарабалин - "Қазақойл" ҰМК перспективалық даму
Ұзақбай Сүлейменұлы жөніндегі директоры

Қабылдин - "ҚазТрансОйл" ҰМТК вице-президенті
Қайыргелді Мақсұтұлы

Зверьков - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Вадим Павлович министрлігінің Халықаралық экономикалық
байланыстар департаментінің директоры

Бозымбаев - Қазақстан Республикасы Энергетика,
Қанат Алдабергенұлы индустрия және сауда министрлігі Мұнай
және газ департаментінің директоры

2. Мүдделі министрліктер мен ведомстволардың мамандар мен сарапшыларды тарту құқығы бар жұмыс тобы:

1) Қазақстан Республикасының аумағында мұнай барлау мен өндіруді жүзеге асыратын мұнай компанияларын қатыстыра отырып Қазақстан - Түркменстан - Иран құбыр желісі құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін бірлескен зерттеулері мен әзірлігі туралы келісімдердің және басқа құжаттардың жобаларын дайындау жөнінде кеңестер мен келіссөздер жүргізісін;

2) мұнай компанияларының Каспий құбыр желісі консорциумының жобасы бойынша тиісті мұнай компанияларының міндеттемелеріне барабар көлемдерде Өнімдерді Бөлу туралы Түпкілікті келісімге қатысушылардың мұнай беру кепілдігімен Қазақстан тарабының қаржыландыруы есебінен Үлкен Шаған - Атырау құбыр желісі құрылысының жобасын бірлесіп іске асыру туралы Қарашаған Интеграцияланған Ұйымымен келіссөздер жүргізісін;

3) қаржыландырудың мынадай жағдайларында:

аталған құбыр желісі үшін мұнай берудің ең аз қажетті кепілдендірілген көлемін;

Қазақстан Республикасының аумағында мұнай барлау мен өндіруді жүзеге асыратын мұнай компаниялары тарапынан іскерлік қаржыландыру есебінен Кеңқияқ - Атырау мұнай құбыры құрылысының мәселесін қарасын.

3. Жұмыс тобы жасалған жұмыс туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне ай сайын ақпарат беріп тұрсын.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК